



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2022 жылға сауда базарлары
туралы есеп

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Ешанкулова Улбосын Кунтуқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Караулова Гульмира Сайлаубековна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

u.eshankulova@aspire.gov.kz

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Есіл өзені, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс тел.: 8 (7172) 74 90 16, факс: 74 94
94 E-mail: e.stat@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-93-36

S.2 Өзектілік- кіріспе

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті Ішкі сауда статистикасы басқармасы жыл сайын «Қазақстан Республикасындағы сауда базарлары туралы есеп» жалпымемлекеттік статистикалық байқауын өткізеді.

Бұл зерттеу өңірлер бөлінісінде Қазақстан Республикасы бойынша сауда базарлары бойынша материалдық-техникалық базаны сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған.

Сауда базарлары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау «Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарын күтіп-ұстауға, жабдықтауға және жарақтандыруға талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 633 қаулысына және «Статистика бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме» ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2015 жылғы 15.12. №209 бұйрығына сәйкес қалыптастырылады. Сауда базарлары бойынша статистикалық деректер 2010 жылдан бастап қалыптастырылады, негізгі пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

19.05.2020ж.

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

19.05.2020ж.

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

19.05.2020ж.

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Базарда тауарларды көтерме және бөлшек сату түріндегі сауданы, сондай-ақ қызметтер көрсетуді базар аумағында орналасқан стационарлық және стационарлық емес сауда объектілері арқылы сауда қызметі субъектілері жүзеге асырады.

Базарлар:

1) тауарлық мамандануы бойынша:

азық-түлік тауарларын өткізу бойынша – азық-түлік;

өнеркәсіп тауарларын, тұрмыстық техниканы және тағы басқаларды өткізу бойынша – азық-түлік емес;

2) өткізетін тауарларына байланысты:

мамандандырылған;

әмбебап;

3) мәмілелердің көлемі мен оларды жүзеге асыру тәсілдері бойынша:

бөлшек;

көтерме;

сауда орындарының саны (бірлік);

базардың жалпы алаңы (шаршы метр);

ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларының саны (бірлік);

тоңазытқыш камералардың саны (бірлік);

дүңгіршектердің саны (бірлік);

шатырлар (павильондар) саны (бірлік);

контейнерлердің саны (бірлік);

сөрелердің ұзындығы (кума метр) бойынша жіктеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

4) ЗТҚЖ - Заңды тұлғалардың көлемі жіктеуіші;

Аталған жіктеуіштер Ұлттық статистика бюросы www.new.stat.gov.kz Интернетресурсындағы Статистикалық жіктеуіштер бөлімінің басты бетінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Негізгі (және) немесе қосалқы қызмет түрі бар (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 68.20.3 ЭҚЖЖ кодына сәйкес) сауда базарларының меншік иелері (иесі) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық пен оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер ұсынады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Бақылау түрі - жаппай (Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуішінің 68203 кодына сәйкес)

2. Деректерді жинау құралдары - индексі 12-сауда "Базарлар қызметі туралы есеп", кезеңділігі-жылдық, жалпы мемлекеттік статистикалық байқау статистикалық нысаны. Статистикалық нысан қайта қаралды және ҚР СЖРА ҰЭБ басшысы бекітті және www.new.stat.gov.kz ҚР СЖРА ҰЭБ ресми сайтында "Респонденттерге" бөлімінде қолжетімді.

3. Анықтамалар:

1) әмбебап сауда базары – әртүрлі кластағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда орындары бар сауда базары;

2) дүңгіршек – бір немесе бірнеше сауда орнына есептелген, азық-түлік тауарларын сақтауға арналған сауда залы мен үй-жайлары жоқ, сауда жабдығымен жарақталған, тасымалданатын күрделі емес құрылыс;

3) жылжымалы сөре – арнайы белгіленген орынға орналастырылатын, сауда орнын білдіретін тасымалданатын уақытша құрылыс (конструкция);

4) коммуналдық базар – жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын, тұтынушылардың тікелей өздеріне, көбінесе тұрмыстық және отбасылық пайдалануына арналған азық-түлік тауарларын сатып алу-сату жүзеге асырылатын сауда базары;

5) мамандандырылған сауда базары – сауда базарының жалпы санынан олардың жетпіс және одан да көп пайызы бір кластағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары;

6) сауда базарының меншік иесі (иесі) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін, сауда қызметін жүзеге асыру үшін сауда орындарын беретін және басқа да қызмет түрлерін көрсететін базардың мүлкін иеленетін, пайдаланатын, оның ішінде меншік құқығында пайдаланатын дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға;

7) сауда базары – аумақта шаруашылық қызметін көрсету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі, сәулет-құрылыс талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де талаптарға сәйкес келетін сауда қызметіне арналған оқшауланған мүліктік кешен;

8) сауда орны – тауарлар сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет етуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысуға арналған және пайдаланылатын құрал-жабдықпен жарақтандырылған орын;

9) шатыр (павильон) – құрастырмалы-жиналмалы конструкциялардан, бір немесе бірнеше сауда орындары үшін сауда жабдықтарымен жарақтандырылған сауда қорына арналған алаңы бар және арнайы белгіленген орынға орналастырылатын, жеңіл құрылатын құрылыс;

10) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуының (технологиялық біріктірілуінің) болуына немесе болмауына қарамастан, жермен берік байланысы жоқ уақытша құрылыс немесе уақытша конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

11) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық біріктірілген) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылыс немесе құрылыстың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй жай);

12) контейнер - жүкті тасымалдауға арналған бірнеше рет қолданудың әмбебап көлік жабдығы

S.4.5 Статистикалық объект

Сауда базары

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау түрі: ЭҚЖЖ 68.20.3 кодына сәйкес жаппай

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстық маңызы бар қала, аудандар, астана, республикалық маңызы бар қалалар, облыстар

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда сауда базарларының зерттеуі 2000 жылдан бастап жылдық негізде жүргізіледі. Барлық жылдар бойынша 2000-2022жж. уақыт қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылына келетін жыл базалық кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, оны жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы 2020 жылғы 2 қазандағы № 633 қаулысы.
2. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
6. «Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығы.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың күпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.
4. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 9-бабы дербес деректерді субъектінің келісімінсіз жинау, өңдеуге байланысты қоғамдық

қатынастарды реттейді.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 қарашада № 8109 тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармақтары. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СРЖА ҰЭБ е-Статистика Ақпараттық жүйесінде www.e.stat.gov.kz сайтында «Құжаттар» // «Жоспар және кестелер» бөлімінде орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СРЖА ҰЭБ е-Статистика Ақпараттық жүйесінде www.e.stat.gov.kz сайтында «Құжаттар» // «Жоспар және кестелер» бөлімінде орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді (ҚР СРЖА Ұлттық экономика бюросы www.new.stat.gov.kz сайты).

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпараттар жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасындағы сауда базарлары туралы" электрондық кестелер ҚР СРЖА Ұлттық экономика бюросының Интернет–ресурсында Негізгі–Экономика –Ішкі сауда статистикасы – Электрондық кестелер бөлімінде орналастырылған;

2) Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер ҚР СРЖА ҰЭБ Интернет-ресурсында Негізгі – Экономика–Ішкі сауда статистика-Динамикалық қатарлар– Сауда базарлар желісі бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық-талдамалық жүйе- Ішкі сауда статистикасы-Ішкі сауда- Сауда базарлары.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Микродеректерге қолжетімділік жоқ.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 24 қарашада №8109 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1)Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, оны жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 2 қазандағы № 633 қаулысы.

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 қаңтарда № 12918 болып тіркелген Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме Ұлттық статистика бюросының www.new.stat.gov.kz Интернет-ресурсында "Әдіснама"-Ішкі сауда статистикасы бөлімінде орналастырылған;

3) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" толықтырылған төртінші басылым. Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Сауда базарлары статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- тауарлардың стандартты статистикалық жіктемесін пайдалану;
- алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;
- динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;
- электрондық форматта алғашқы деректерді енгізу деңгейіне анықтығын тексеруді, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеруді айқындау.

S.13.2 Сапаны бағалау

Сауда базарларының типтік қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, оны жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы 2020 жылғы 2 қазандағы № 633 қаулысына сәйкес әзірленді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар - мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Барлығы каталогта-993 бірлік, оның ішінде есеп тапсырған кәсіпорындар үлесі 94% (934 кәсіпорын) құрайды: қағаз жеткізгіште тапсырғандар-28,5% (266 кәсіпорын), электрондық түрде-71,5% (668 кәсіпорын).

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелерді өңдеуге кеткен уақыт аумақтық статистика органдарына ұсыну мерзімінен бастап ең бірінші жарияланымға дейінгі орташа 37 күнді құрайды.

Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

ҚР СРЖА ҰЭБ е-Статистика Ақпараттық жүйесінде www.e.stat.gov.kz сайтында орналастырылған;

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Ұлттық статистика бюросы www.new.stat.gov.kz Интернет ресурсындағы Негізгі–Экономика–Ішкі сауда статистикасы

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында ақпараттар салыстырмалы

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2000 жылдан бастап уақыт қатарларының салыстырмалылығы бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Жергілікті атқарушы органдармен сауда базарлары туралы және базарлардағы сауда орындары туралы ақпараттарды салыстырып тексеру жүргізіледі

S.18.2 Ішкі келісушілік

Қолданылмайды

S.19 Жүктеме

Сауда базарлары туралы деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электронды түрде жүзеге асырылады. Енгізу және өңдеу «Е-статистика» ИАЖ жүйесі арқылы жүзеге асады, кіріс және ұйғарынды ақпаратты бақылау қарастырылған.

Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Жыл сайын Бюроға талдау жүргізу үшін облыстық статистика департаменттері арқылы жергілікті атқарушы органдар (Әр облыстың әкімдігінен "Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" ММ) сауда базарлары туралы деректерді ұсынады.

Бір респондентке есепті толтыруға кеткен уақыт -1 сағатқа дейін.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Деректерді қайта қарау қарастырылмаған.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Сауда базарлары статистикасы бойынша статистикалық ақпарат негізгі және (немесе) қосалқы қызмет түрі бар (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 68.20.3 ЭҚЖЖ кодына сәйкес) сауда базарларының меншік иелері (иесі) болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық пен оқшауланған бөлімшелері және дара кәсіпкерлер ұсынатын 12-сауда нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептері негізінде статистикалық ақпарат қалыптастырылады. Жыл сайын Комитетке талдау жүргізу үшін облыстық статистика департаменттері арқылы жергілікті атқарушы органдар (Әр облыстың әкімдігі жанындағы "Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" ММ) сауда базарлары туралы ақпаратты ұсынады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

12-сауда нысаны бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Деректерді жинақтаудан кейін жергілікті атқарушы органдардың (Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы) деректерімен салыстырып тексеру жүргізіледі. Статистикалық нысанды толтыру электрондық түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімдеріне деректерді агрегаттау және редакциялау кіреді.

- 1)сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;
- 2)респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен нысанның әрбір бөлімінің ішінде енгізу қателерін жоюға мүмкіндік беретін логикалық бақылау жүйесі құрылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету статистикалық байқауды жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.